

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 705 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і .*

*1-тармаққа ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі N 493 қпү Қаулысымен өзгерту қарастырылған.*

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне құрғақ сүтті ішкі және сыртқы нарықтардан сатып алуға 2008 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 795000000 (жеті жүз тоқсан бес миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) құрғақ сүтті ішкі және сыртқы нарықтардан оны жаппай өндіру кезеңінде (2008 жылдың шілдесі, тамызы, қыркүйегі) сатып алуды қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыға сәйкес сатып алынатын және сатылатын құрғақ сүтке сатып алуға және сатуға тіркелген бағаларды белгілесін;

3) ішкі нарықтағы құрғақ сүттің құны орташа жылдық нарықтық бағадан асып кеткен жағдайда құрғақ сүтті Орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында белгіленген өткен жылғы инфляция деңгейін ескере отырып, тіркелген бағалармен маусымаралық кезеңде (2009 жылдың қаңтары, ақпаны, наурызы) сатуды қамтамасыз етсін;

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і .*

*2-тармақтың 4) тармақшасына ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі N 493 қпү Қаулысымен өзгерту қарастырылған.*

4) құрғақ сүтті тіркелген бағалармен сату қажеттілігі болмаған жағдайда құрғақ сүтті нарықтық бағамен экспортқа немесе ішкі нарықта сатуды қамтамасыз етсін;

5) сатып алынған құрғақ сүттің құнының 3 (үш) пайызы мөлшерінде мамандандырылған ұйымға комиссиялық сыйақы, сондай-ақ оны сатып алу, сақтау және тасымалдау жөніндегі шығыстарды бөлінетін қаражат есебінен төлеуді қамтамасыз етсін;

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і .*

*2-тармақтың б) тармақшасына ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі N 493 қпұ Қаулысымен өзгерту қарастырылған.*

б) құрғақ сүтті сатудан алынған ақшалай қаражатты он күн мерзімде республикалық бюджеттің кірісіне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК